

Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2) онкүндік апталығы туралы ақпарат

Ғафу Қайырбеков атындағы №2 мектеп гимназиясында 14-25 қараша күндері орыс сыныптарында қазақ тілі мен әдебиеті онкүндік апталығын өткізу жоспарланды. Апталықтың мақсаты: тіл – ұлттың мақтанышы, тірегі, жүрегі екендігіне кең түсінік бере отырып, қазақ тілі мен әдебиетінің мол мұрасымен кеңінен таныстыру, пәннің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, тілдің мемлекеттік мәртебесін қалыптастыру. Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге үлес қосу. Қазақ халқының әдебиетін негізге ала отырып, көркем әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің игі істерін насихаттау арқылы елжандылыққа, адамгершілікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу. Тілін, елін сүйе білуге үйрету болды. Осыған орай, 14 қараша күні мектебіміздің АКТ залында І және ІІ кезеңдегі оқушыларымыз үшін қазақ тілі мен әдебиеті апталығының ашылу салтанаты өткізілді. Салтанатты жиында апталықтың жоспары таныстырылды.

Оқушылардың патриоттық рухын көтеру мақсатында бірнеше байқауларда бағын сынап жүрген оқушыларымыздың бірі Смирнов Артемнің орындауында «Самға» әні шырқалды. Сонымен бірге, талантты да өнерлі оқушылар қатарында жүрген Серік Аяулым “Мәңгілік ел жастары”, Ернарқызы Алина “Қазақстан - бұл жарқын болашақ”, Алдаберген Кәусар “Мереке” атты әсем әуендерімен, Ренатқызы Дильназ “Ерке сылқым” күйімен сусындата түсті. “Сүйемін туған тілді - анам тілін, бесікте жатқанымда-ақ берген білім”- деп жырдан шашу шашқан оқушыларымыз да болды. Өзге ұлт өкілдері болса да, қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін ғұлама ақындардың өлең шумақтарымен жеткізе білген оқушылар қатарында Тигай Сергей, Труц Клим, Лапицкий Иван, Шымырбаева Адэль, Нахметов Мехди болды. Салтанатты жиын соңында қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің жетекшісі Шнайдер Е.А. апталықтың ашылуымен құттықтап, жоспарланған барлық іс-шараларға белсене қатысуға шақырды.

Қараша айының 15-ші жұлдызында Шнайдер Е.А. 9 Г сыныбында “Жеті жарғы”, Сыбанбаева Б.М. 8 Г сыныбында “Т.Айбергенов - лирик ақын”, Сапарова В.Б. 7 В сыныбында “Тараздың бойтұмары”, Кажмуратова А.Т. 6 В сыныбында “Туған өлкені жырлаймыз”, Бебезова М.Т. 6 Д сыныбында “М.Жұмабаев - қазақтың ұлы ақыны”, Ахметова А.У. 4 В сыныбында “Кәдесый” атты тақырыптарда ашық сабақтар өткізілу жоспарлануда. 16 қараша күні Айтакова А.Б. 4 Г сыныбында “Тұсаукесер жыры” болса, 17 қараша күні Сейтказин Е.С. 9 В сыныбында “Жеті жарғы”, Жолманова Ж.А. 5 Е сыныбында “Сусыз өмір жоқ”, Монтаева С.А. 4 В сыныбында “Тұсаукесер жыры” атты ашық сабақтармен толықтырылатын болады. Сонымен қатар, 21 қараша күні Кажмуратова А.Т. ұйымдастыруымен “Инклюзивті оқыту” атты коучинг өткізіледі. 22 қараша күнгі жоспарда Сыбанбаева Б.М. жас мамандарға “Қалыптастырушы бағалау” тақырыбында коучинг, Сапарова В.Б. мәжіліс залда “Біздің Мәншүк” атты сыныптан тыс жұмыс өткізеді. Ал, 23 қарашада Ахметова А.У. мен Айтакова А.Б. “Тіл - қазына” тақырыбында 3 сыныптармен сыныптан тыс жұмыс, Бебезова М.Т. 6 сыныптар арасында “Қазақ тілінің көшбасшысы”

атты жарыс сабақ жүргізсе, 24 қараша күні Сейтказин Е.С. 10 Б сынып оқушылармен “Жүрегімнің түбіне терең бойла” атты сыныптан тыс жұмыс, Жолманова Ж.А. мен Монтаева С.А. 2 сыныптар арасында “Ертегілер елінде” тақырыбында қойылым ұйымдастырмақ. Ал, 25 қараша күніне келетін болсақ, Кажмуратова А.Т. мен Шнайдер Е.А. мектеп мұғалімдеріне “Өз елім - өлең төсегім” атты кафедра арасында сайыс ұйымдастырылу жоспарда.

Онкүндік апталықтағы барлық сабақтар жоғары әдістемелік дайындықпен өткізіледі. Барлықтарыңызға сәттілік тілейміз!

